

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 96 - қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 536 -қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған  
- сыныбы үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5 - сыныбы үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларға табиғат туралы қарапайым түсінікті меңгерту, олардың заттар және жақын ортадағы құбылыстар туралы түсініктерін жинақтау және жүйелеу.

3. «Айналадағы әлем» пәнінің міндеттері:

- 1) айналадағы әлемде бағдарлау үшін қажетті икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- 2) әлеуметтік дағдылар мен құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту;
- 3) заттардың атқарымдық қолданысын есепке ала отырып әрекеттену тәсілдерін қалыптастыру;
- 4) сөйлеу тілінің және қарым-қатынастың басқа да түрлерінің көмегімен түсінісу қабілетін қалыптастыру;
- 5) табиғатты зерделеу мүмкіндігін тудыру;
- 6) танымдық әрекетін дамыту;
- 7) айналадағы әлем туралы түсінігін кеңейту және байыту;
- 8) көру, салыстыру, жинақтау, нақтылау, қарапайым тұжырымдама жасау қабілетіне, қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды табуға үйрету;
- 9) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
- 10) әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
- 11) білім алушыларда табиғатта, әлеуметтік және технологиялық орталарда тәртіп нормаларын және қауіпсіздік ережелерін ұстану дағдысын

қалыптастыру.

## 2-тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Бағдарлама оқыту процесін білім алушыларға қолжетімді білімді және пәндік сала бойынша икемділіктерді меңгерту, дербестігін, әлеуметтік мәдени кеңістікте бағдарлау икемділіктерін барынша дамыту үшін пәннің әдістемелік мүмкіндігін пайдалануға бағдарлайды.

5. Бағдарлама мұғалімді білім алушылардың танымдық және әлеуметтік саладағы белсенділігін аймақтық сипаттағы материалдарды (нысандар, өнеркәсіптер, ақпарт көздері) пайдалануға бағдарланған оқу әрекетін ұйымдастыру тәсілімен дамытуға бағдарлайды. Берілген пәннің оқыту мақсаттарына жету аясында жүзеге асырылатын оқу және тәрбиелеу сипатындағы жобалау әрекеті ата-аналармен, жергілікті қоғам өкілдерімен серіктестікте ұйымдастырылады.

6. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған Бағдарлама мазмұны ұсыным сипатында болады, мұғалім сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі мен оның білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес оны оқытудың қарқыны мен мазмұнына кез-келген өзгерістерді енгізуге құқығы бар. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны жекешеленген білім беру мақсаттарына бағынған және әрбір білім алушының сыныптағы және мектептегі ұжымдық әрекетке қатысу мүмкіндігін есепке алады.

7. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту сөзінің мағынасы өте кең және бұл меңгеру мүмкіндіктері сәл ғана байқалатын пәндік білім аясына ғана емес, сондай-ақ осы санаттағы білім алушылар үшін маңыздырақ өмірлік дағдыларды қалыптастыруға да қатысты болады.

8. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде қабылданған «қалыптандыру» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылуын, әрбірбілім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

9. Әрекеттердің мазмұны мұғалімге осындай білім алушылар үшін жалғыз мүмкіндік болып табылатын оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін бағдар ғана болып табылатын оқу бағдарламаларында ашып көрсетіледі. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттілігі мен мүмкіндігін көрсететін болмашы белгілер байқалады.

10. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған.

11. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушының өзіндік бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, дербес қарқында даму құқығын тану қағидасы. Бұл қағиданы сақтау баланы оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндігі мен ілгерілмелі дамуын үнемі зерделеуді білдіреді. Дамудағы және дағдыларды меңгерудегі кез-келген, тіпті ең аз деген ілгері басуды оқытудағы жағымды нәтиже деп қабылдау.

12. Педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім берудегі және жеке тұлғалық жетістіктерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдау қағидасы.

13. Білім алушыларда тәжірибелік әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру қағидасы:

1) білім мен дағдыларды жаңа жағдайға аудару қиындығына байланысты, икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру оларды пайдалануға болатын жағдайларға барынша жақын жағдайларда жүзеге асыру;

2) білім алушылармен сабақ өтетін жайларды әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылуға тиісті, заттық орта білім алушылардың қажеттіліктерінің өзгеруіне сәйкес дүркін-дүркін өзгеріп отыру;

3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытудың жайлы ортасын орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құру.

14. Барлық сабақтар ең алдымен, оқу бағдарламасының мазмұны арқылы білім алушыларды жалпы дамытуға (коммуникативтік, қимыл-қозғалыстық, сөйлеу тілдік, сенсорлық) бағытталады.

15. Ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны әлеуметтендіру құралы ретінде дамыту қағидасы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың нақты жағдайдағы мүмкіндігіне қарай педагогикалық құралдармен өтелетін сөйлеу тілінің дамуында (оның болмауына дейін), ойлау қабілетінде, қарым-қатынастық дамуында өзіндік мәселелері бар. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады. Білім алушылардың әрекетін педагогтың сөзбен қолдауы мөлшерлі және білім алушылардың түсінуі үшін қолжетімді болуға тиісті.

16. Оқу-тәрбиелеу процесін әлеуметтендіру бағыттылығы қағидасы. Білім алушылардың ерекшеліктеріне барынша ыңғайланған және олардың дені сау құрдастарымен өзара әрекеттенулерін шектейтін оқу және тәрбиелеу ортасы шарасыз жеңілдетілуіне байланысты білім алушыны күрделі әлеуметтік ортаға ендіру арнайы жұмысты талап етеді:

1) білім алушылардың олар үшін қолжетімді көлемдегі әлеуметтік қатынастар мен өмірлік тәжірибесін кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде кеңейту. Оқу уақытының бір бөлігінің мектептен тыс жерде (қоғамдық көлікте жүру, дүкендерге, дәріханаларға, поштаға, емханаға, мұражайға, театрға, кафе және басқа да қоғамдық орындарға бару) ұйымдастырылуы;

2) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз енуі үшін оған шыдамды және мейірімді болатын қоршаған орта қалыптастыру, мектептің баланың жанұясымен және қоғаммен жоспарлы жұмысы.

17. Оқыту процесі мазмұны жағынан да, сол сияқты ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелген.

18. Арнайы қағидаларға сәйкес құрылған педагогикалық шаралар білім алушылардың өзіндік белсенділігін, олардың ынтасы мен дербестігін дамытуға бағытталады.

19. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабақтағы дербестігінің дамуы және белсенділігінің байқалуы мүмкін әрекеттердің негізгі түрлері:

1) тірі және өлі табиғат пен әлеуметтік өмірдің құбылыстарын бақылау;

2) заттық-тәжірибелік әрекет;

3) ойын әрекеті және ойын әрекетшілдігі;

4) білім алушылардың шаруашылық-еңбектік әрекеті;

5) әлеуметтік-тұрмыстық әрекет;

6) білім алушылар мен жақын ортасындағы ересектермен арасындағы коммуникация (микросоциум);

7) оқу әрекеті (білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес).

20. Оқу-тәрбиелеу процесі заттық әрекетте орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың барлық кезеңі бойы құрылады.

21. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) әдетте қолданылатын құралдардың көмегімен құрылуы мүмкін емес дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын «құрастыруға» көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді.

. Сабақтарда АКТ төмендегі мақсатта қолданылады:

1) көрнекілік пішіндегі қандай да бір заттық мазмұнның біреуінен басқасына еркін өтіп, сөйлеу тілінің көмегімен бір тәсілден басқасына көше отырып, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу;

2) білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт режимінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

23. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына,

осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне негізделеді.

24. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

25. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құру жұмысы оның қажеттілігі мен мүмкіндігін бастапқы педагогикалық бақылау арқылы жүзеге асырылады. Критериалды бағалау дамыту мен оқытудың негізгі желісінің онтогенезіне сәйкес анықталады.

26. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

27. Педагогтар бақылау-бағалау әрекетін орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылармен жүргізетін барлық педагогикалық процестің құрылуына негіз болатын арнайы педагогиканың «диагностика мен түзете дамыту жұмысының бірлігі» қағидасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырады.

28. Бақылау, білім алушы әрекетінің өнімдерін, ауызша берген жауаптарын оқыту мен тәрбиелеудің жекеленген міндеттерімен салыстыра отырып, бағалау әрекеті болып табылады.

29. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау шараларының бірізділігі:

1) білім алушылардың даму, білім және дағдыларының даму деңгейлерін алдын ала бағалау;

2) оқытудың жеке бағдарламасын құруға арналған негіз ретіндегі білім алушының даму бейінін құру;

3) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымды бағалау олардың сабақ барысындағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады;

4) аралық бағалау бірінші жартыжылдық аяқталғанда жүзеге асырылады;

5) жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылының аяқталуына қарай жүзеге асырылады.

30. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін білім алушы жетістігінің сапалық көрсеткіші болып табылатын сипаттамалық бағалау пайдаланылады.

31. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жинақтастырылуға міндетті.

32. Сынып бөлмесіндегі жиһаз жеке, жұп немесе топ ішіндегі ұйымдастыруға мүмкіндік беру үшін қозғалмалы болғаны дұрыс. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стенділерді, кітап сөрелерін орналастыратын орындар қарастырылады.

## 3 - тарау. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

33. «Айналадағы әлем» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

34. «Айналадағы әлем» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер күтілетін нәтиже (дағды немесе икемділік, білім немесе ұғыным) түрінде берілген оқу мақсаттарынан құралған бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

35. «Айналадағы әлем» пәні келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Мен және қоғам»;

2) 2-бөлім «Менің Отаным – Қазақстан»;

3) 3-бөлім «Табиғат»;

4) 4-бөлім «Сөйлеу тілін қалыптастыру».

36. «Мен және қоғам» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) менің үйім;

2) мектеп.

М

е 1) менің қалам, ауылым;

н 2) көлік, жол қозғалысы ережелері.

Г

я 1) табиғаттағы мезгілдік өзгерістер;

б 2) өсімдіктер;

Ә 3) жануарлар.

С

бөлімі мен өз бөлімшелердің қамтылған болмыс заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде дамыту.

5-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің базалық мазмұны:

м 1) менің үйім. Тұрғын бөлмелердің: асхана, жатын бөлме, жуынатын бөлме, асүй және басқаларының атауы мен қолданысы. Жиһаздардың қолданысы. Жиһаз күтімі. Жиһазды тұрмыстық техникадан ерекшелеу. Ыдыстар. Ыдыстардың атауы. Асүйлік, шәй ішетін, асханалық ыдыстардың қосындағы айырмашылықтар. Ыдыстардың күтімі және сақтау. Жиһаз бен ыдысқа ұқыпты қарау;

в 2) мектеп. Мектептің атауы, нөмірі мен мекенжайы. Мектепке баратын және мектептен қайтатын жол. Мектептегі және сыныптағы жиһазға, мектептің ауласына ұқыпты қарау;

қ 3) менің Отаным – Қазақстан. Отанымыздың атауы – Қазақстан. Еліміздің басты қаласы – Астана. Отанымыздың ірі қаласы – Алматы. Мемлекеттік мерекелері және бөлімшесі ретінде қамтиды:

ы

п

т

а

с

4) көлік, жол қозғалысы ережелері. Көлік құралдары және көлік құралдарының түрлері туралы өткендерді қайталау. Әр түрлі жағдайдарда көшеден өту ережелері. Қоғамдық көлікке арналған аялдамалар. Көшелердегі және жол қилысындағы (бағдаршам, реттеуші) көлікті және жүргіншілерді реттеу ережелері. Астанадағы және Алматыдағы көлік құралдары (автобус, троллейбус, трамвай, такси, метро). Алысқа баратын көлік түрлері – пойыз, ұшақ;

жыл мезгілдері. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді бақылау. Ауа райы. Жаз белгілері: күн қатты қыздырады, ыстық, шық, тұман, бұлт және қара бұлт, жазғы жаңбыр, нөсер жаңбыр, бұршақ, найзағай, жай туралы түсініктерін нақтылау және кеңейту. Табиғаттағы өзгерістерді өздігінен бақылау және күнделікке жазу. Жаз айларының атауларын нақтылау. Күз белгілерін бақылау: күн қысқарады, ал түн ұзарады, суық жел соғады, жаңбыр жиі жауады, күн суытады, ағаш жапырақтары сарғаяды, түседі. Жыл құстарының қысқа дайындығы туралы мәліметтер. Қатқақтарды бақылау. Күз айларының атаулары. Қыс айларындағы табиғаттағы өзгерістерді бақылау: қыстыгүні күн кеш шығады, ерте батады, күн қысқарады, түн ұзарады, аяз, боран, қар жауады, аязды күні су қатып қалады, аяқ астындағы қар сықырлайды. Қыс айларының атаулары. Балалардың қыстағы ойындары. Көктем белгілерін өздігінен бақылау: күн жоғары көтеріледі, қатты қыздыра бастады, мұз жүрді, қардың еруі, ағаштар бүршік жарды, жапырақтар мен гүлдер шыға бастады, жеміс ағаштары гүлдеді, ағаштар мен бұталарды отырғызу, бақшада тұқым себу, жәндіктер пайда болды, құстар ұшып келді. Көктем айларының атаулары. Жыл құстары мен жәндіктерді бақылау. Құстардың және жануарлардың көктемдегі өмірлеріндегі өзгерістерді бақылау. Балалардың көктемдегі ойындары. Адамдардың әр түрлі жыл мезгіліндегі еңбектері;

б) өсімдіктер. Бақша өсімдіктері – айырмашылықтары және салыстыру. Көкөністердің адам үшін пайдасы. Көкөністерді сақтау. Жемістер және жидектер – айырмашылықтары және салыстыру. Жемістер және жидектердің адам үшін пайдасы. Тосап, нәрсу. Бұталар мен ағаштар. Бұталар (шырғанақ, итмұрын, қарлыған) туралы түсініктерін кеңейту. Ағаштар (емен), қылқан жапырақты ағаштар (қарағай, шырша). Бұталар, ағаштар мен гүлдердің айырмашылықтары;

жануарлар. Үй жануарлары. Білім алушылардың үй жануарлары: ешкі, қой, түйе, сиыр, жылқы және басқалары туралы түсініктерін кеңейту. Сыртқы түрі. Олардың күтімі, адамға тигізер пайдасы. Жабайы жануарлар. Жабайы жануарлар туралы түсінікті кеңейту және нақтылау. Жабайы жануарлармен үй жануарларын салыстыру: қоректенуі, өмір сүру түрі, адам үшін пайдасы. Жабайы құстар. Білім алушылардың жабайы құстар: үйрек, қаз, аққу туралы түсініктерін кеңейту. Сыртқы түрі. Мекендеу орны. Жабайы құстардың үй құстарынан айырмашылығы. Балық және олардың құрылысы (бас, желбезек,

жүзбеқанаты, құйрығы). Қозғалу тәсілі. Балықтың қоректенуі. Мекендейтін жері (өзен, теңіз, көл). Аквариумдағы балықтардың күтімі.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

Оқыту мақсаттары Бағдарламада кодтық белгімен берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, еінші және үшінші сандар – Бағдарлама бөлімі мен бөлімшесін білдіреді, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 кодындағы «5» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

42. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1-бөлім «Мен және қоғам»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	-сынып
Менің үйім	5.1.1.1 үйінің мекенжайын, мектепке дейінгі жолды білу; 5.1.1.2 жанұядағы тәртіп ережелерін орындау; 5.1.1.3 ересектердің еңбектерін сыйлау; 5.1.1.4 жанұяда күші жететін тапсырмаларды орындау; 5.1.1.5 ата-анасына, ересек адамдарға өтінішін, қалауын білдіру, ересектердің, құрдастарының сөзін бөлмей, жайымен, сыпайы сөйлесу; 5.1.1.6 тұрғын бөлмелерді атау, олардың (асхана, жатын бөлме, жуынатын бөлме, асүй) қолданысын түсіндіру; 5.1.1.7 негізгі үй жиһаздарын атау және олардың қолданысын түсіндіру; 5.1.1.8 жиһаз күтімі бойынша тапсырмаларды орындау; 5.1.1.9 негізгі тұрмыстық техникаларды атау және олардың қолданысын түсіндіру; 5.1.1.10 жиһазды тұрмыстық техникадан ажырату;



	<p>5.1.1.11 негізгі үй ыдыстарын атау және олардың қолданысын түсіндіру;</p> <p>5.1.1.12 асүйлік, шәй ішетін, асханалық ыдыстарды ажырата білу;</p> <p>5.1.1.13 ыдыс күтімі бойынша тапсырмаларды орындау;</p> <p>5.1.1.14 жиһазды және ыдысты ұқыптылықпен пайдалану</p>
Мектеп	<p>5.1.2.1 сыныптасының есімі мен тегін айта білу;</p> <p>5.1.2.2 мектептің адам өміріндегі маңызын түсіну;</p> <p>5.1.2.3 мектептік қауымдастықтағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық тәртіп нормаларын түсіну;</p> <p>5.1.2.4 білім алушының тәртіп ережелерін орындау;</p> <p>5.1.2.5 мұғалімді, тәрбиешіні есімі және тегі бойынша атау;</p> <p>5.1.2.6 мектептің нөмірі мен мекенжайын атау;</p> <p>5.1.2.7 мектепке баратын және мектептен қайтатын жолды білу;</p> <p>5.1.2.8 мектептегі және сыныптағы жиһазға ұқыптылықпен қарау;</p> <p>5.1.2.9 оқу жабдықтарын дұрыс пайдалана білу;</p> <p>5.1.2.10 оқу тапсырмасын түсінуге талпыну;</p> <p>5.1.2.11 оқу сабағына арналған оқу орнын дайындау;</p> <p>5.1.2.12 дұрыс мүсінді сақтау;</p> <p>5.1.2.13 білім алушы ережелерін түсіну және орындау</p>

## 2) «Менің Отаным – Қазақстан»:

-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	-сынып
Менің қалам, ауылым	<p>5.2.1.1 қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты түсіну;</p> <p>5.2.1.2 өзінің қаласындағы,</p>

	<p>ауылындағы негізгі мекемелердің (дүкен, мәдениет үйі, емхана, мектеп) қолданысын білу;</p> <p>5.2.1.3 өзінің Қазақстанда тұратынын; өздерінің қаласы, ауылы Қазақстанда орналасқанын түсіну;</p> <p>5.2.1.4 олардың Отаны – Қазақстан екенін ұғыну;</p> <p>5.2.1.5 астана – еліміздің бас қаласы екенін түсіну;</p> <p>5.2.1.6 Қазақстан Республикасының астанасының атауын білу;</p> <p>5.2.1.7 өз үйінің мекенжайын атау;</p> <p>5.2.1.8 мектепке дейінгі жолды табу;</p> <p>5.2.1.9 өзі тұратын қаланың, ауылдың басты көшелерін атау;</p> <p>5.2.1.10 еліміздің ірі қалаларын атау;</p> <p>5.2.1.11 мемлекеттік мерекелерді және атаулы даталарды білу</p>
Көлік, жол қозғалысы ережелері	<p>5.2.2.1 жол қозғалысы ережелері, көшеден өту ережелері, бағдаршамның сигналдары туралы білімді бекіту;</p> <p>5.2.2.2 балалардың көліктегі, қоғамдық орындардағы (театрдағы, мұражайдағы) тәртіп ережелерін орындау;</p> <p>5.2.2.3 көшедегі тәртіп ережелерін орындау: жаяу жолмен жүру, көшеден ересектермен бірге өту, көшеден өту ережелерін орындау;</p> <p>5.2.2.4 көшеден жүргіншілер өтпе жолымен, жерасты және жерүсті өтпе жолмен өту ережелерін орындау;</p> <p>5.2.2.5 көшеден реттеушінің белгісі бойынша өту ережелерін орындау;</p> <p>5.2.2.6 жол қилысынан өту ережелерін орындау;</p> <p>5.2.2.7 қоғамдық көліктерге арналған аялдамаларды байқау;</p> <p>5.2.2.8 қаладағы көлік түрлерін: автобус, троллейбус, трамвай, такси,</p>

	метро атау; 5.2.2.9 алысқа баратын көлік түрлерін: пойыз, ұшақ атау
--	---

Табиғат»:

-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	-сынып
Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер	<p>5.3.1.1 жыл мезгілдерінің белгілерін атау;</p> <p>5.3.1.2 өсімдіктер мен жануарлар өмірінің жыл мезгілдеріне тәуелділігін түсіну;</p> <p>5.3.1.3 табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді атау;</p> <p>5.3.1.4 табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді бақылау;</p> <p>5.3.1.5 әр түрлі жыл мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді бақылау;</p> <p>5.3.1.6 өнімді жинауға қатысу;</p> <p>5.3.1.7 әр түрлі жыл мезгіліндегі балалар ойынын ойнау;</p> <p>5.3.1.8 бақшадағы, бақтағы күзгі және көктемгі жұмыстарды атау;</p> <p>5.3.1.9 мұғалім ұсынған суреттерді қарастыру және талқылау;</p> <p>5.3.1.10 ауа райындағы өзгерістерді түсіну және ол жағдайды – ашық, бұлтты, жаңбыр, найзағай, жел атау;</p> <p>5.3.1.11 мұғалімнің әңгімесін, түсіндіргенін тыңдау және түсіну;</p> <p>5.3.1.12 жаз белгілері (күн қатты қыздырады, ыстық, шық, тұман, бұлт және қара бұлт, жазғы жаңбыр, нөсер жаңбыр, бұршақ, найзағай, жай) туралы түсініктерін нақтылау және кеңейту; жаз айларын атау;</p> <p>5.3.1.13 күз белгілерін бақылау: күн қысқарады, ал түн ұзарады, суық жел соғады, жаңбыр жиі жауады, күн суытады, ағаш жапырақтары</p>

	<p>сарғаяды, түседі; күз айларын атау;</p> <p>5.3.1.14 қыс айларындағы табиғаттағы өзгерістерді бақылау: қыстыгүні күн кеш шығады, ерте батады, күн қысқарады, түн ұзарады, аяз, боран, қар жауады, аязды күні су қатып қалады, аяқ астындағы қар сықырлайды; қыс айларын атау;</p> <p>5.3.1.15 жыл құстарының (ұзақ, қараторғай) қысқа дайындығы туралы мәліметтері болу;</p> <p>5.3.1.16 көктем белгілерін: күн жоғары көтеріледі, қатты қыздыра бастады, мұз жүрді, қардың еруі, ағаштар бүршік жарды, жапырақтар мен гүлдер шыға бастады, жеміс ағаштары гүлдеді, ағаштар мен бұталарды отырғызу, бақшада тұқым себу, жәндіктер пайда болды, құстар ұшып келді, өздігінен бақылау;</p> <p>5.3.1.17 әр түрлі жыл мезгіліндегі адамдардың еңбектері туралы түсініктерінің болуы;</p> <p>5.3.1.18 жыл құстары мен жәндіктерді бақылау;</p> <p>5.3.1.19 табиғаттағы өзгерістерді өздігінен бақылау және күнделікте тіркеу;</p> <p>5.3.1.20 жаз айларын нақтылау және есте сақтау;</p> <p>5.3.1.21 су қоймаларының жанындағы тәртіп ережелерін білу және орындау</p>
Өсімдіктер	<p>5.3.2.1 жергілікті жерде ең кең жайылған көкөністерді атау;</p> <p>5.3.2.2 жемістер мен көкөністерді сыртқы түрі мен дәміне қарай ажырату;</p> <p>5.3.2.3 мұғалімнің тапсырмасы бойынша мектеп үлескесіндегі тәжірибе жұмыстарын орындау;</p> <p>5.3.2.4 бұтаны ағашпен салыстыру;</p> <p>5.3.2.5 жергілікті жерде ең көп</p>

	<p>кездесетін ағаштарды атау;</p> <p>5.3.2.6 ағаштар (емен), қылқан жапырақты ағаштар (шырша, қарағай); ағаш бөліктерін: тамыр, дің, бұтақ, ағаштың басын атау;</p> <p>5.3.2.7 бұталар (шырғанақ, итмұрын, қарлыған) туралы түсініктерін кеңейту;</p> <p>5.3.2.8 бұталарды, ағаштар мен гүлдерді салыстыру, ажырату және атау;</p> <p>5.3.2.9 сыныптағы бөлме гүлдерін ажырату және атау;</p> <p>5.3.2.10 тәжірибе жұмыстарын орындау, бөлме өсімдіктерін күту (суғару, жапырақтың шаңын сүрту);</p> <p>5.3.2.11 жапырақтары ірі бөлме өсімдіктерін (фикус, бегония) ажырату және атау;</p> <p>5.3.2.12 бөлме өсімдіктерін дұрыс күте білу (сауыттарын, табандығын жуу, сынып ішінде дұрыс орналастыру);</p> <p>5.3.2.13 ағаштарды, бұталарды, гүлдерді салыстыру, ажырату және атау;</p> <p>5.3.2.14 бақша өсімдіктерін (баялды, кәді, болғар бұрышы) салыстыру және ажырату;</p> <p>5.3.2.15 көкөністердің адам денсаулығына тигізер пайдасын түсіну;</p> <p>5.3.2.16 көкөністерді дұрыс сақтау қажеттілігін түсіну;</p> <p>5.3.2.17 көкөністерден салаттың оңай түрін дайындай білу;</p> <p>5.3.2.18 жемістер мен жидектерді ажырату және салыстыру;</p> <p>5.3.2.19 жемістер мен жидектердің адам денсаулығы үшін пайдасын түсіну;</p> <p>5.3.2.20 жемістер мен жидектердің әр түрлі түрлерін (жаңа жиналған,</p>
--	---

	<p>кептірілген, тосап, нәрсу) қолдану тәсілдерін білу;</p> <p>5.3.2.21 жергілікті жерде ең көп тараған көкөністер, жемістер мен жидектерді атау;</p> <p>5.3.2.22 жемістер мен көкөністерді сыртқы түрі мен дәміне қарай ажырату;</p> <p>5.3.2.23 терезе алдында пияз өсіру;</p> <p>5.3.2.24 бөлме өсімдіктерін, мекеп жанындағы үлкескедегі өсімдіктерді күту</p>
3.3 Жануарлар	<p>5.3.3.1 үй жануарлары туралы білімді кеңейту және нақтылау;</p> <p>5.3.3.2 үй жануарлары (ешкі, қой, түйе, сиыр, жылқы) туралы түсініктері болу; олардың сыртқы түрі, олардың күтімі; адамға тигізер пайдасы;</p> <p>5.3.3.3 үй жануарларының төлдерін, табиғат бұрышындағы жануарларды атау;</p> <p>5.3.3.4 жануарлардың негізгі дене мүшелерін, қоректену және қозғалу түрін атау;</p> <p>5.3.3.5 үй жануарларының күтімі бойынша көмек көрсету;</p> <p>5.3.3.6 үй құстарын (қаз, күркеауық) ажырату;</p> <p>5.3.3.7 қыстап қалатын және жыл құстары туралы түсініктерінің болуы;</p> <p>5.3.3.8 жыртқыш құстар (қыран, бүркіт) туралы түсініктерінің болуы;</p> <p>5.3.3.9 әнші құстар туралы түсініктерінің болуы;</p> <p>5.3.3.10 тұрғын үйлердің жанындағы құстарды бақылау, жергілікті құстарды (кептер, торғай, ұзақ, қараторғай) атау;</p> <p>5.3.3.11 құстарға арналған жемсалғышты жасауға қатысу, қыста құстарға жем беру;</p> <p>5.3.3.12 жәндіктердің түрлері туралы</p>

	<p>түсініктерінің болуы;</p> <p>5.3.3.13 жәндіктердің (кұмырсқа, шыбын, ханқызы, шегіртке) тануға, атауға тырысу, сыртқы түрі бойынша ажырату;</p> <p>5.3.3.14 бал өндірісі, балдың пайдасы туралы түсінік болу;</p> <p>5.3.3.15 жануарларды, құстарады және жәндіктерді ажырату және жалпылау;</p> <p>5.3.3.16 жабайы жануарлардың (қабан, марал, арқар, ақбөкен, қоян) түрлері, сыртқы түрі, қылығы, қоректенуі, өмір сүру түрі, төлдері туралы түсініктің болуы;</p> <p>5.3.3.17 жабайы жануарлардың табиғат жағдайына сәйкес бейімделуі туралы түсініктің болуы;</p> <p>5.3.3.18 үй және жабайы жануарларды өмір сүру түріне, қылығы мен мекендейтін орнына қарай салыстыру;</p> <p>5.3.3.19 жабайы құстар (үйрек, қаз, аққу), олардың өмір сүру түріне, мекендейтін орны туралы түсініктерді кеңейту және нақтылау;</p> <p>5.3.3.20 жабайы құстар мен үй құстарын ажырату және салыстыру;</p> <p>5.3.3.21 ормандағы тәртіп ережелерін сақтау;</p> <p>5.3.3.22 жануарлар өміріндегі адамның рөлі туралы түсінігі болу;</p> <p>5.3.3.23 балық және олардың құрылысы (бас, желбезек, жүзбеқанаты, құйрығы), қозғалу тәсілі, балықтың қоректенуі, мекендейтін жері (өзен, теңіз, көл) туралы түсінігі болу;</p> <p>5.3.3.24 аквариумдағы балықтарды күту;</p> <p>5.3.3.25 тақырыптық экскурсия кезінде тәжірибе жұмыстарын орындау;</p> <p>5.3.3.26 бағдарлама бойынша үй және жабайы жануарларды, құстарды,</p>
--	---

	жәндіктерді, балықтарды тану, атау және салыстыру
--	---

Сөйлеу тілін қалыптастыру»:  
-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	-сынып
Ауызша сөйлеу тілін қоршаған болмыс заттары және құбылыстарымен таныстыру негізінде дамыту	<p>5.4.1.1 сөйлеу тілінде «Айналадағы әлем» пәні бойынша сабақтарда өткен заттарды және олардың белгілерін білдіретін сөздерді білу және қолдану;</p> <p>5.4.1.2 мұғалімнің сұрақтарына жауап беру;</p> <p>5.4.1.3 өзінің жолдастарының жауаптарын тыңдау;</p> <p>5.4.1.4 мұғалімнің артынан қысқа тақпақтарды қайталау;</p> <p>5.4.1.5 көрсету бойынша артикуляциялық жаттығуларды орындау;</p> <p>5.4.1.6 бақыланған құбылыс, әрекет және сурет бойынша қысқаша хабарлы сөйлемді құрастыру;</p> <p>5.4.1.7 әңгімеге қатысу; сыныптастарының айтылымдарын толықтыра отырып, сұрақтарға жауап беру;</p> <p>5.4.1.8 қарапайым жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, жоспар бойынша байланыстыра сөйлей білу;</p> <p>5.4.1.19 таныс сөздердің формаларын дұрыс пайдалану</p>

Білім алушылардың психофизикалық және ақыл-ой дамуының ерекшеліктеріне байланысты мұғалім тоқсандар бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауды сыныптағы білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес жобалайды.